

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ»
РМҚК

Қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған Республикалық біліктілікті арттыру курстары туралы
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2015 жылғы маусым

Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығы 2015 жылғы 1-10 маусым аралығында «Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі ата-аналар қауымдастығы мен азаматтық қоғам қызметтестігінің әдістемесі» тақырыбында біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырып өткізеді.

Курстарда тәрбие жұмысы бойынша директорлардың орынбасарлары, сынып жетекшілері, қосымша білім беру ұйымдарының және жалпы білім беретін мектептердің педагогтері біліктіліктерін арттырады.

Курстың бағдарламасында педагогикалық шеберлікті жетілдіруді, тыңдаушыларды қосымша білім беру жүйесінің нормативті құқықтық жаңартуларымен, оқытудың психологиялық-педагогикалық және әдістемелік аспектілерімен, сондай-ақ балалардың тұлғалық дамуына бағдарланған, тәрбие және білім беру қызметінің сапасын көтеруге ықпал жасайтын, инновациялық педагогикалық технологияларымен таныстыру қарастырылған.

Курстағы негізгі жұмыс түрлері - дәрістер, семинарлар, іс-тәжірибемен алмасу, шығармашылық шеберханалар, шебер-сыныптары, тренингтер.

Дәрістік және тәжірибелік сабақтарды өткізу үшін жоғары оқу орындардың мұғалімдері, кандидат/доктор ғылыми дәрежесі бар, ғылыми-зерттеулік институттардың қызметкерлері, қосымша білім беру бағыттары бойынша жұмыс тәжірибесі бар, педагог-практиктер шақырылады.

Республикалық біліктілікті арттыру курстары педагогикалық қызметкерлердің білімдерін жаңартуға және кәсіби шеберліктерін жетілдіруге, тұлғалық дамуға жағдай жасайды.

Курстың қорытындысы бойынша тыңдаушыларға біліктілікті арттырғанын растайтын куәліктер тапсырылады.

Қосымша ақпарат алу үшін 8 (7172) 24-93-03 телефонына хабарласуды сұраймыз; e-mail: spo.rumcdo@mail.ru.